

# Этнопсихология және саясат.

Орындаған: Бошқаева С  
Қабылдаған: Мырқасымова М



**Этнопсихология** - әрбір халықтың рухани әрекетінің ( миф, фольклор, тіл, дәстүр, салт, әдет-ғұрып, дін, т.б. ) жемісін сол халықтың психологиясын, сана-сезімін көрсететін негізгі өлшемдерін, әртүрлі этникалық қауымдастыққа жататын адамдардың психологиялық өзіндік бейнеленуі туралы ғылым. Этнопсихология жеке ғылым ретінде ХІХ ғасырдың орта шенінде Ресейде, кейінірек Батыс Еуропа елдерінде ( Лацариус, Штейнталь, Вундт т.б.) пайда болды.

«Этнос» гректің – *ethnos* – тайпа, халық деген сөзінен шыққан. Ғылымда «халық» терминінің орнына «этнос» термині орынды қолданыла бастады. Бұл термин этностың негізгі тарихи түрі – «тайпа», «ұлыс» (*народность*), «ұлт» ұғымын түгел қамтиды.



19 ғ. екінші жартысында этнопсихологиялық ойлардың дамуында ұлттық этнопсихология мәселелерінің тарихы мен әдіснамасының жаңа өңделуіне байланысты жаңа өзгерісті кезең басталды. Осы кезеңнен бастап, этнопсихология өзінің объектісін, зерттеу пәнін, міндеттерін, әдіснамасын анықтайтын дербес ғылыми пән статусын алды.

19 ғасырдың 90 жылдары этнопсихологияда сол заманғы шетел этнопсихологиясының негізіндегі «Боасаның тарихи мектебі» және «Мәдениет және тұлға» жаңа бағыттары қалыптасты. Қазіргі уақыттағы шетел этнопсихологиясы – дербес ғылым, ол үш тармақтың дамуына детерминацияланған психологиялық антропология, кросс-мәдени психология және этносаралық қатынас психологиясы.



# Этнопсихологияның мақсаты мен міндеттері

Қазіргі кезде этнопсихологиялық құбылыстарды ұғынуда тұтастық жақ және терминалогиялық жағынан шатасулар бар. Дегенмен мұндай жайттарға қарамастан, этнопсихологияның дербес бағыттарын бөліп көрсетуге болады.

**1.** Психофизиологиялық процестердің этникалық ерекшеліктерін салыстырмалы зерттеу. Атап айтсақ (ойлау, ес, эмоция, сөйлеу т.б.). Бұл бағыт жалпы және әлеуметтік психологияға сүйену.

**2.** Түрлі этникалық қауымдастықтың мәдени ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған мәдени зерттеу (культурологические исл). Бұл бағыт мәдениеттану мен этнологияның мәліметтерін негізге алады.

**3.** Этносаралық, топаралық қатынастардың этникалық сана мен өзіндік сана сезімін зерттеу. Бұл бағыт әлеуметтік психология мен әлеуметтік философияны тірек етіп алады.

**4.** Отбасы-некелесу мен бала тәрбиесі мәселелерінің этнопсихологиялық аспектілерін зерттеу. Бұл бағыт педагогика ғылымы мен байланысты.

**Саясат** (гр. *politika* — мемлекетті басқару өнері) - алғашында мемлекеттік және қоғамдық істер немесе мемлекеттік басқару шеберлігі деген мағынаны білдірген. Кейін келе оның мағынасы кеңейді және мынаны білдіреді: өз мүдделерін іске асыруға, қорғауға бағытталған және саяси билікті басып алуға, қолында ұстауға, оны пайдалануға тырысушылықпен байланысты мемлекеттер, топтар, ұлттар, үлкен әлеуметтік топтардың арасындағы қатынастар саласындағы азаматтар мен жеке адамдар билігінің мекеме, бірлестіктердің қызметі;

**1.** мемлекеттің істеріне қатынасу, оның қызметінің түрін, мақсат, мазмұнын, анықтау;

**2.** адамзат қоғамының даму тарихында бұл ұғым көбінесе шебер жасырылған басшылар мен оның сыбайластарының ниеттерін, мақсаттарын және амал-әрекеттерінің түрлерін білдіреді;

**3.** әдеттегі тілде - адамдардың өзара қатынастарында белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған іс- әрекеттің сипаты;


**4.** мемлекеттік және қоғамдық өмірдің күнделікті мәселелер немесе оқиғалар жиынтығы.

**Мақсаты:** Саясаттың негізгі функциялары - қоғамдық өмірдің негізгі салаларын интеграциялау, қоғамның біртұтастығын және тұрақтылығын қамтамасыз ету.

### **Саясаттағы либидо**

(лат. *libido* - «тілек», «тартымдылық») З.

Фрейд психоанализінің негізгі ұғымдарының бірі, энергия, сексуалдық сипаттағы тартымдылық көзі. Психоанализ либидоны адам мінез-құлқының мотиві ретінде қарастырады. З.Фрейд либидоны өмірге ұмтылу синонимі ретінде қарастырды. Либидо - өркениет, соның ішінде саясат негізі. Қазіргі заманғы психоанализдік тұжырымдарда либидо билікке ұмтылудың қозғаушы күші ретінде қарастырылады. Сонда саясаткер ләззаттық қанағаттанбаған, оның орнын саяси билік үшін күреспен толықтыруға тырысатын адам ретінде көрсетіледі. З.Фрейд бойынша, біз болашақта тиімді саясаты бар жоғары дамыған өркениетке жетеміз, бірақ оны импотент-саясаткерлер басқарады.



Зигмунд Фрейд



## **Саясаттағы мақсат**

Саясаттағы мақсат - саяси қызметтің тиімділігін айқындаушы маңызды құрылымдық элемент. Саясатта мақсат - саясат субъектісінің мүддесі мен мұқтаждықтарына сәйкес келетін нәтижеге қол жеткізу бейнесі. Мақсатнақты саяси қызметтің бастауы емес, оның орталығы. Ол реттеушілік қызметін атқарады. Яғни, саясат субъектілерінің мүдделері мен мұқтаждықтарына сәйкес болашақ әлеуметтік-саяси құбылыстар моделін қалыптастыру.


### **Мақсат үш негізгі бөліктен тұрады:**

- саясат субъектілерін қызықтыратын объекті мәні туралы білім;
- өзінің негізі ретінде саяси мәселе;
- саяси қызмет нәтижесіндегі болашақ туралы түсінік.
- Саясаттағы мінез

Саясаттағы мінез - жеке тұлғаның, адамдардың әлеуметтік қауымдастығының саяси билікті жүзеге асыруға, өздерінің саяси мүдделерін қорғауға қатысу түрі. Саясаттағы мінездің екі негізгі түрін көрсетуге болады: саяси іс-әрекет және саяси әрекетсіздік.

**Саясаттағы физиогномика** (гр. *physis* - табиғат, гр. *gnomon* - білгір) - адамның сыртқы бейнесі мен оның нақты тұлға түрі арасындағы байланыс туралы ілім. Физиогномика көне дәуірде адамның психологиялық бейімділігі мен денесі туралы түсініктер негізінде пайда болған. Яғни, адамға табиғат және құдаймен берілген. Аристотель физиогномика шебері болған: "кімнің бойы биік, ол батыл және ер жүрек", "кімнің кіндігі қарынның ортасында емес, бірақ одан әлдеқайда жоғары орналасса, ол ұзақ өмір сүре алмайды және әлсіз".

Физиогномика шебері – Аристотель, Физиогномика ұзақ жылдар мінез бен темперамент түрін жіктеу алғышартын орындады. Басқа адамдардың сыртқы бейнесін оқи алу - тиімді саясат жүргізудің міндетті құралы.



**Физиогномика шебері –  
Аристотель**



Халықтық психология – адамдардың қоғамдық және жеке тәрбиесінен, өмірдегі пайымдауларынан туындайтын қарапайым психологиялық білімдерінің жүйесі. Халықтық психологияның теориялық мәселелерін зерттеумен этнографиямен астарласа дамыған этнопсихология атты ғылым саласы шұғылданады. Халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі имандылық пен адамгершілігінің басты белгісі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасының практикалық көрінісі. Әрине «Тауына қарай аңы, заманына қарай заңы», «Әр елдің салты басқа, иті қара қасқа» дегендей, әлеуметтік өзіндік ерекшеліктері болғандығы белгілі. «...Өз ұлтын сүйген адам өз ұлтының бақыты үшін өз бақытын құрбан қылады» Мағжан Жұмабаев

«Дүниеде туған еліңнен артық ел де, жер де жоқ» Ғабит Мүсірепов

«Ұлттың мақтанышы – жеке адам мен ұлт үшін бұзылмас заң. Кімде – кім өз ұятын құрметтемесе және оны мақтан тұтпаса – ол адам сөзсіз арамза қаңғыбас» Бауыржан Момышұлы



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!!!**

